

Оқушының аты-жөні: _____

1. Компьютерлік вирустардың әсерін жоятын бағдарлама

- A. Антивирустық бағдарламалар
- B. Коммуникациялық бағдарламалар
- C. Дискілерді оптимизациялау бағдарламалары
- D. Компьютерді диагностика жасауға арналған бағдарлама

2. Компьютерге арналып жазылған зақымдаушы шағын бағдарлама

- A. Компьютерлік антивирус
- B. Конвертерлар коды
- C. Компьютерлік вирус
- D. Архивтеу

3. AVP (Kaspersky antivirus) программасы не үшін қолданылады?

- A. Кестелерді өңдеу үшін
- B. Дерек қорын құру үшін
- C. Мәтінді өңдеу үшін
- D. Вирусқа тексеру үшін

4. Тек бұрыннан белгілі вирус түрлерінен ғана қорғай алатын, жаңа вирусқа олар дәрменсіз боп келетін бағдарлама

- A. Детектор бағдарламалар
- B. Вакцина бағдарламалар
- C. Ревизор бағдарламалар
- D. Сүзгі бағдарламалар

5. Алдымен бағдарламалар мен дискінің жүйелік аймағы туралы мәліметтерді есіне сақтап, содан соң оны кейінгісімен салыстыра отырып, сәйкессіздікті анықтайтын бағдарлама

- A. Детектор бағдарламалар
- B. Вакцина бағдарламалар
- C. Ревизор бағдарламалар
- D. Сүзгі бағдарламалар

6. Компьютердің оперативтік (жедел) жадында тұрақты (резиденттік) орналасады да, вирустардың зиянды әрекетіне әкелетін операцияны ұстап алып, бұлтұралы жұмыс істеп отырған адамға дер кезінде хабар береді. Бұл қандай бағдарлама?

- A. Детектор бағдарламалар
- B. Вакцина бағдарламалар
- C. Ревизор бағдарламалар
- D. Сүзгі бағдарламалар

7. Қандай бағдарлама компьютердегі бағдарламалар жұмысына әсер етпей, оларды вирус «жұққан» сияқты етіп модификациялайды да, вирус әсерінен сақтайды

- A. Детектор бағдарламалар
- B. Вакцина бағдарламалар
- C. Ревизор бағдарламалар
- D. Сүзгі бағдарламалар

8. Файлдағы өзгерістерді анықтап қана қоймай, оларды автоматты түрде «емдеп», бастапқы қалыпты жағдайға түзеп келтіреді

- A. Детектор бағдарламалар
- B. Вакцина бағдарламалар
- C. Ревизор бағдарламалар
- D. Сүзгі бағдарламалар

9. Вирустың файл құрамына еніп, ешқандай әрекетсіз жасырынып жату уақыты қалай аталады?

- A. Күту уақыты
- B. Жасырыну мезгілі
- C. Шабуылға дайындық
- D. Инкубациялық мезгіл

10. Вирустың негізгі қасиеті:

- A. Зақымдау
- B. Емдеу
- C. Өзін-өзі көбейтуі
- D. Өшіру